



ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Интернет-сериалдар. Кедір-бұдыр
аударма керек пе?





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет-сериалдар. Кедір-бұдыр аударма керек пе?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар! Отандық журналистерге арналған американдық белгілі сценарист, режиссер Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрістерімізді одан әрі жалғастырамыз. Бұл жолы дәрісіміздің бірінші бөлігінің тақырыбы «Интернетке арналған сериалдардың сценарийі» деп аталады. Одан әрі өзіміздің қазақ тілді журналистиканың аудармаға неге немқұрайды қарайтыны туралы тақырыпты түгендейтін боламыз.

Интернеттің ғасыры сценаристердің қолын армансыз ұзатты. Бұрын олар өздерінің жазғанын көрсету үшін телестудиялардың табалдырығын тоздыратын. Енді веб порталға өзінің сценарийінді тастай салудың қиындығы жоқ. Жаңа талпынып жүргендерді айтпағанда кәсіпқой, тәжірибелі сценаристердің өзі осы тәсілге жүгіне бастады. Егер веб-сериалды оқушылар көбейіп, оның танымалдығы артса, бұған продюсерлердің де назар аударар талассыз. Интернет біздің автор ретіндегі мүмкіндігіңізді миллион есе арттырып тұр. Жазғаныңыз жұрт назарына бірден түсетін мұндай сәтті құр жіберуге болмайды.

Соңғы жылдардағы кино мен сериалдардың ең басты тренді дәл осы веб сериалдар болып тұр. Әрине желіде кино ертерек пайда болды. Бірақ өнер туындылары интернетке кешірек бейімделді. Соның ішінде интернетке бейімделген киноның өзіндік атауы бар. Оны мамандар әлеуметтік кино деп атап жүр. Айталық бұрын атакты фильмдерге режиссердің ассистенті ретінде қатысып келген Энтони Уилкоккс енді инстаграмм үшін детектив жанрында интернет сериал түсіруге көшті. Және оны әлеуметтік желіде 2016 жылдан бастап шығара бастады. Бір ғажабы әрбір сериясы 15 секунд қана. Сөйте тұра Уилкоккс өз туындысын кино деп атайды. Қазірге дейін отыз сериясын ұсынып үлгерді.

Интернет киноның келесі мысалында Израильде түсірілген Инстабабье көпірген операсын жатқызуға болады. Оның әр сериясының ұзақтығы бір минуттан. Жас қыздардың өміріне арналған. Бұл толық сериал. Бірақ заман талабына сай осылай монтаждалып, әлеуметтік желіге салынып отыр.

Веб сериал жасауға аз қаражат пен шағын техника керек. Уақыт та шектеулі. Демек, осындай шектеу сценарий жазушыға да қойылады.

Веб сериалға сценарий жазудың бір ғажап артықшығы сіз өзіңізге өзіңіз продюсерсіз. Не жазғыңыз келді, соны жаза беріңіз.

Веб сериалдың басты талабы алғашқы секундта көрерменді қармаққа іліп қалуда жатыр. Олар сіздің туындыдағы кейіпкерлерді бір минут қызықтаса, онда одан әрі бес минут ұстап қалатын мүмкіндік туады.

Интернеттегі веб сериалдардың дәл қазір нақты ережелері мен реттеу тетіктері жоқ. Бұған прокатқа ұсыну қуәлігі керек емес. Бұл фильмдерде цензура қиып тастайтын былапыт сөздер кете беруі мүмкін. Қалай түсіргің келсе, солай түсіре бер.

Жеке адамдар ғана емес, енді үлкен кинокомпаниялар инстаграмм сериалдар түсіруге білек түре бастады. Өйткені мұнда ең үлкен көрермендер армиясы отыр.

Роберт Хиллиард мырза «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында инстаграмм сериал үшін жазылатын драматургияның негізгі ұстанымын атап өтеді. Ол әлбетте көрермендердің барынша көп қызығушылығын туғызу үшін жазылуы керек. Әлеуметтік желінің басты ерекшелігі өнімді барынша көп адамдар көруі мен өз бағаларын беруде жатыр. Ал қызықшылықты туғызатын не нәрсе? Оқиға, бір адамның бастан өткізген тарихы емес пе.

Енді Роберт Хиллиардтың еңбегіне сүйеніп, веб сериалдың құрылымын сипаттай кетейік. Оның уақыты өте аз болса да ішінде үш сатылы жүйені құрайды. Бар болғаны 5 минуттық веб сериал десек те, осы үш бөлік сақталуы міндетті.

Кейінгі кезде веб сериалға белгілі тұлғаларды, көпшіліктің тілімен айтқанда жұлдыздарды тарту дәстүрге ене бастады. Бұған «электрлі қала» аталатын веб сериалда Том Хэнкс ойнайтынын мысал етуге болар. Соның арқасында бұл ең танымал, көрермені көп сериалға айналып шықты. Сол сияқты Лиза Кудроу да веб емдеу атты шағын интернеттік сериалдың даңқын шығарды.

Тағы бір атап өтерлігі бұл веб сериалдарды брендтер пайдалана бастады. Мәселен осындай сериалда ойнайтындардың киімдерінде Найк компаниясының логотиві тұрады. Брендтер де бәрібір интернеттегі хронометражды сақтайды.

Міне біз интернеттегі сериалдар сценарийі туралы американдық белгілі сценарист, режиссер Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабындағы ойлармен таныстырдық. Енді дәрісімізді қазақ тілді журналистердің аудармаға салақ қарайтыны туралы ескертуімізбен жалғастырамыз.



II.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдардың бір бөлігі аудармадан тұрады. Телевизияда шетел кинолары, танымды және тарихи фильмдер дубляждан өтеді. Мұның сыртында көптеген телеарналардың шетел жаңалықтары топтамасы мен шолуы ірі ақпарат агенттіктерінен түскен материалдар негізінде эфирге дайындалады. Сондықтан мұнда тұтас аудармашылар тобы қызмет істейді. Осы аудармаларда үнемі әттеген-ай дегізетін жәйттер кетіп жатады. Мұның бәрі дұрыс редакцияламаудың салдарынан. Отандық ақпарат агенттіктері де жетісіп отырған жоқ. Орыс және ағылшын тілінен аударған материалдары қазақ тіліне жатық шықпайды. Айтар ойын, жеткізер ниетін түсінгенмен, сөйлемдердің тігісі жатқызылмай, кедір-бұдыр болады.

Осыны ескеріп, дәрісімізде аудармадағы мәтіннің кедір-бұдырға назар аудартып қойғанды жөн санадық. Мынау ақпарат агенттігі жариялаған саяси аударманың толық нұсқасы:

«Болгария президенті не деді? «Ресей Еуроодақты дестабилизация жасау үшін нақты мақсатты саясатын ұйымдасқан түрде жүргізіп отыр», - деп мәлімдепті Росен Плевнелиев неміс баспасына берген интервьюінде. Оның айтуы бойынша, Ресейдің Болгарияда, сондай-ақ Еуроодақтың басқа елдерінде де антиеуропалық партиялар мен БАҚ-тарды қаржыландырып отырғандығының белгілері жеткілікті. Бұдан басқа, Ресей ультраұлтшыл партиялар мен қозғалыстарды қолдау арқылы ЕО-ны іштен ірітуге жұмыстануда. Болгария президентінің пікірі бойынша, Ресей жаңа идеологиялық фундаментте бұрын СССР-дің қолынан келмегенді жүзеге асырғысы келеді, яғни, демократиялық құндылықтарға және құқықтық мемлекет құруға деген сенімсіздікті туғызу және тарату арқылы Еуропаны әлсіретуге тырысуда. «Бұл ойластырылған, Еуроодақты тұрақсыздандыруға деген нақты мақсат қойған, ұйымдасқан саясат» - деп қорытындылапты өз сөзін Болгария президенті.» Саяси аударманың соңы. Енді біздің талдау мынадай.

БІРІНШІ СӨЙЛЕМнен бастаймыз: «Ресей Еуроодақты дестабилизация жасау үшін нақты мақсатты саясатын ұйымдасқан түрде жүргізіп отыр.» Мұндағы «дестабилизация» сөзін «тұрақсыздандыру» деп аударуға болар еді. Мәтіннің соңғы сөйлемінде осылай аударылған да. Демек, жазып болған соң автор оны қайтадан бір зер сала оқып шыққанда, өзі-ақ түзете салатын нәрсе екен. Егер мағынасын беретін аударма іздесе «берекесін кетіру» мен «мазасын қашыру» дегендей бедерлі тіркестер бар. Сөйлемде «ұйымдасқан түрде» деген тіркес орынды қолданылмаған. Бұған қарағанда Ресей тағы басқа елдермен бірлесе қимылдаған болып шығады. Одан қисындырақ нұсқасы – «ұйымдастырылған түрде». Тіпті, дұрысы «мақсатты түрде» деу еді, бірақ оның алдында «мақсатты саясатын» деген тіркес тұр. Қайтпек керек? Осы «мақсатты саясатын» деген тіркестен «мақсатты» рдеген пысықтауыш сөзді алып тастау керек. Өйткені, ешқашан «мақсатсыз саясат» болмайды. Қандай болмасын саясат белгілі бір мақсатты көздеп жасалады. Осының бәрін ескергенде, бұл сөйлем былай өңделді: «Ресей Еуроодақты тұрақсыздандыру үшін нақты саясатын мақсатты түрде жүргізіп отыр.»

ЕКІНШІ, ҮШІНШІ СӨЙЛЕМДЕР бір-біріне жалғас, бір-бірін толықтырып жазылған екен: «Оның айтуы бойынша, Ресейдің Болгарияда, сондай-ақ Еуроодақтың басқа елдерінде де антиеуропалық партиялар мен БАҚ-тарды қаржыландырып отырғандығының белгілері жеткілікті. Бұдан басқа, Ресей ультраұлтшыл партиялар мен қозғалыстарды қолдау арқылы ЕО-ны іштен ірітуге жұмыстануда.» Үшінші сөйлемдегі «бұдан басқа» тіркесі артық. Өйткені, әңгіме Ресейдің бір ғана әрекеті – «антиеуропалық партиялар мен БАҚ-тарды қаржыландырып отырғандығы» туралы. Үшінші сөйлемде «басқа» әрекеттер туралы айтылмайды, ол – бар болғаны, алдыңғы сөйлемдегі ойды жалғастырушы ғана. Осы тұрғыдан қарағанда, «бұдан басқа» тіркесі ғана емес, одан арғы «Ресей ультраұлтшыл партиялар мен қозғалыстарды қолдау» деген тіркес толығымен айтық, бәрін киналмай қысқарту керек еді. «Ультра» сөзі «әсіре» деп аударылады. «Әсіредіншіл», «әсіреоңшыл» дегендей, «әсіреұлтшыл» болады. Үшінші сөйлемнің «жұмыстануда» деген етістігі де қазақ тілінің нормасына қайшы. Ондай етістік жоқ. «Жұмыс істеді» деген етістік ғана бар. Бұл жерде «жұмыс істеуде» деп түзетуге болады. Сонда бұл сөйлемдердің біз редакциялап берген нұсқасы мынадай: «Оның айтуы бойынша, Ресейдің Болгарияда, сондай-ақ Еуроодақтың басқа елдерінде де антиеуропалық партиялар мен БАҚ-тарды қаржыландырып отырғандығының белгілері жеткілікті. Оларды қолдау арқылы ЕО-ны іштен іріту үшін жұмыс істеуде».

ТӨРТІНШІ СӨЙЛЕМ өте ұзақ көрінеді: «Болгария президентінің пікірі бойынша, Ресей жаңа идеологиялық фундаментте бұрын СССР-дің қолынан келмегенді жүзеге асырғысы келеді, яғни, демократиялық құндылықтарға және құқықтық мемлекет құруға деген сенімсіздікті туғызу және тарату арқылы Еуропаны әлсіретуге тырысуда». Өте күрделі болғандықтан, бұдан екі сөйлем шығару керек еді. «Пікірі бойынша» деген тіркес аудармаларда ғана емес, өз авторларымыздың төл мәтінінде жиі кездеседі,



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет-сериалдар. Кедір-бұдыр аударма керек пе?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

оны «пікірінше» деп жазып бір сөзді үнемдеу керек. «Фундаменттің» ежелден қазақша аудармасы бар: «іргетас». Құрмалас сөйлемнің екінші бөлігіндегі етістік арқылы жасалған сөздердің бәрінің тұйық райлы болыпты. «...құруға ...туғызу және тарату ...әлсіретуге тырысуда». Демек, сөйлемнің соңғы етістігін «тырысып отыр» деп аяқтаған жөн еді. Сосын «туғызу және тарату арқылы» дегенді «туғызу мен тарату арқылы» деген жөн. Себебі, бұлар – мағына жағынан бірін бір жалғайтын әрекеттер. Редакциялап шыққанда былай болады екен: «Болгария президентінің пікірінше, Ресей жаңа идеологиялық іргетаста бұрын СССР-дің қолынан келмегенді жүзеге асырғысы келеді. Яғни, демократиялық құндылықтарға және құқықтық мемлекет құруға деген сенімсіздікті туғызу мен тарату арқылы Еуропаны әлсіретуге тырысып отыр».

БЕСІНШІ СӨЙЛЕМ: «Бұл ойластырылған, Еуроодақты тұрақсыздандыруға деген нақты мақсат қойған, ұйымдасқан саясат» - деп қорытындылапты өз сөзін Болгария президенті.» Алдымен тыныс белгілері туралы. «Бұл» сөзінен кейін сызықша қойылады. Керісінше «саясат» сөзінен кейін тырнақша жабылып тұрғандықтан, сызықша қойылмайды. «...тұрақсыздандыруға деген нақты мақсат қойған» деген сөздер өзара қиыспайды. Оны әсілі, «тұрақсыздандырудың нақты мақсатын қойған» немесе «тұрақсыздандыруға деген нақты мақсатты қойған» деген нұсқалардың бірінде жазу керек. Септік жалғаулары қазақ тіліне сөйлемді дұрыс құрып шығу үшін керек қой. Ақыр-аяғында бірінші сөйлемді талдағанда көрсеткеніміздей, «ұйымдасқан саясат» емес, «ұйымдастырылған саясат» деу қисынға саяды. Сонда редакцияланған нұсқа мынадай болмақ: «Бұл – ойластырылған, Еуроодақты тұрақсыздандырудың нақты мақсатын қойған, ұйымдастырылған саясат» деп қорытындылапты өз сөзін Болгария президенті.»

Жарнамалардың аудармасы тіпті, жағаңызды ұстатады. Мәселен, жаялықтан садаға кеткір памперстің жарнамасы бар. Әу-баста оны көрші елдің тілінде жасаған. Сосын біреу қазақшалаған. Жарнаманың бір тұсында мынадай тіркес жүр: «Аяқтардың арасындағы ылғалды түйіршіктердің пайда болуына жол бермейді». Енді біз осыны қазақшалап көрелік. Бар болғаны: «Шапты бөрткізбейді». Анау айтқандай, әдепсіз әрі дәрекі ештеңе жоқ. Аудармадағы сегіз сөзді атам қазақ екі-ақ сөзбен жеткізіпті. Бірақ өздерін аса сауатты санайтын аудармашылар бөрткенді біле қоймас. Сол сияқты көзге немесе тілге шығатын теріскенді, ерінге шығатын ұшықты естімеген болулары мүмкін. Олар он жыл бойы «каристі» «тісжегі» деп және бір жаңалық ашып тастаған. Барлық жарнамада солай. Нақты қазақтың сөзі «қанқұрт» еді. «Тісіңе қанқұрт түспесін» деп отыратын жарықтық әжелеріміз. Және бір жарнамадағы «ауыздың ішкі қуысында пайда болатын ойықтың» қазақ тіліндегі нақ атауы: «ауыздың уылуы». Осынының бәрін «ылғалды түйіршік» деп жүрген шалағай аудармашылардың өздерінің миларында «ылғылды түйіршік» пайда болған шығар дейміз.

Ал мына аударма мәтінді бірде діни, бірде тәрбиелік сайттан сан мәрте байқағанбыз. Басында оқыдық та, бір мырс етіп қоя салдық. Енді байқасақ, өнеге ретінде айтылатын сөзге айналып барады екен. Өнеге болса, оның әр сөзі орнында тұруы, қисынды да мәнді болуы шарт емес пе. Жалпы қасқыр туралы өзіміздің қаламгерлеріміз керемет шығармалар жазған. Мұхтар Әуезовтің «Көксерегінен» бастап Қасым Тәукеловтің кітаптарын оқыған адам дала тағысының мінезі мен қасиеттерін толық ұғынады. Ол шығармаларды ысырып тастап басқа тілден келген дүмбілез дүниені шалағай аударып, әлденеше рет көшіріп басқаннан не ұтамыз? Алдымен әлдебір тілден сәтсіз қотарылған мәтінге бір көз жүгіртіп алыңыздар:

«Қасқыр еркіндікті жақсы көретін аң. Оны қолға үйрету қиынның қиыны. Қасқыр қақтығыстан қайтпайды. Не жеңеді, не өледі. Әйтеуір аяғына дейін жеткізеді. Ол тек қана балғын, жаңа етпен қоректенеді. Өлексені татып алмайды. Сонымен қатар, ол өзінің маңдай терімен ұстаған олжасын ғана жейді. Қасқырлардың тағы бір ерекшелігі ұрғашы қасқыр мен еркек қасқыр жұптарын жазбай өмір сүреді. Бір-бірін ешқашан алмастырмайды. Оларды тек қана өлім ғана ажырата алады. Бала тәрбиесіне екі жақ та атсалысады. Бір-біріне деген адалдығын қасқырлардың басты ерекшелігі ретінде атауға болады. Ұрғашы қасқыр ұйықтап жатқанда, еркек қасқыр күзетіп тұрады. Бұл жыртқыш аңның бостандыққа деген ұмтылысын тарихқа таспен қашап жазуға болатындай. Неге десеңіз, қақпанға түскен қасқыр аяғын тіспен кесіп, ары қарай жолын жалғастыратындығы сөзімізге дәлел болса керек. Сондай-ақ, егер аңшылар қақпанға түскен қасқырды тез арада қолға түсірмесе, онда әлгі қасқырдың серіктестері оны жеп кетуі мүмкін. Себебі, қасқырлар өзінің тобындағы ең әлсіз, ауру қасқырларды азық ретінде жеп қоятынын біреу білсе, біреу білмес.» Мәтіннің соңы.

Бірнеше рет ерінбей оқыдық. Сосын асықпай редакциялауға отырдық. Алдымен қажетті тыныс белгілерін түгендеп бердік. «Қасқыр еркіндікті жақсы көретін аң» деген сөйлемде «қасқыр» сөзінен соң сызықша қойылады. «Оны қолға үйрету қиынның қиыны» дегенде «үйрету» сөзінен соң тағы сызықша



қойған жөн. Әрі қарай редакциялап отырып оқимыз.

«Қасқыр қақтығыстан қайтпайды. Не жеңеді, не өледі. Әйтеуір, аяғына дейін жеткізеді. Ол тек балғын, жаңа етпен қоректенеді». «Балғын» деп «свежее мясо» тіркесін аударған шамасы, бәрібір қазақ тілінде «жаңа ет» болмайды, «жас ет» десе бірсәрі.

Одан әрі мәтінде: «Өлексені татып алмайды» деп жазады. Онда қалай біздің аталарымыз талай рет өлексеге у салып, қасқырды өлтірген? Бұл мысал бірнеше жазушының, айталық Сәбит Мұқановтың, Сапарғали Бегалиннің кітаптарында кездеседі. Демек бұл әу-бастан күмәнді, дүмбілез мәтін болғаны даусыз.

Әрі қарай редакциялап оқимыз: «Сонымен қатар, өзінің маңдай терімен ұстаған олжасын ғана жейді». «Маңдай тері» тек адамның еңбегіне қатысты айтылса керек. Бұған дейін адам мен жануарларға қатысты теңеулер мен етістіктер әртүрлі боларын, бір-біріне шатастыру күлкілі екенін айтқанбыз. Соған міне, бір мысал табылды.

Жалғастырып оқимыз: «Қасқырлардың тағы бір ерекшелігі ұрғашы қасқыр мен еркек қасқыр жұптарын жазбай өмір сүреді. «Ерекшелігі» сөзінен кейін сызықша қойылады. Бір сөйлемде «қасқыр» сөзі үш рет кездесетіндіктен екеуін қысқартып «ұрғашысы мен еркегі» десе де болады, одан да қазақшасы – қаншығы мен арланы ғой. Әрі қарай оқимыз: «Бір-бірін ешқашан алмастырмайды». Мұнда «бір-бірін» емес – жұбын деп; «алмастырмайды» емес – «ауыстырмайды» деп редакциялау керек. Әрі қарай кеттік: «Оларды тек қана өлім ғана ажырата алады». Мұнда «тек қана өлім ғана» дегендегі «қана» мен «ғана» екеуі де артық, «тек өлім» десе жетеді. Әрі қарай оқимыз: «Бала тәрбиесіне екі жақ та атсалысады». Мәссаған! «Бала тәрбиесі» – адамзатқа тән, бұлардікі – күшік, тіпті нақтысы: бөлтірік, ендеше «бөлтірік тәрбиесі» болуы керек-ау. Одан әрі екі сөйлемді қосып оқимыз: «Бір-біріне деген адалдығын қасқырлардың басты ерекшелігі ретінде атауға болады. Ұрғашы қасқыр ұйықтап жатқанда, еркек қасқыр күзетіп тұрады». Бұл екі сөйлемдегі үш «қасқыр» сөзінің екеуі артық, «ұрғашысы» мен «еркегін» өз атауларымен «қаншығы» мен «арланы», қаншығын тіпті «құртқасы» десе болар еді.

Әрі кеттік: «Бұл жыртқыш аңның бостандыққа деген ұмтылысын тарихқа таспен қашап жазуға болатындай». Ешқашан «таспен қашамайды», «тасқа қашайды». Жалғастырып оқимыз: «Неге десеніз, қақпанға түскен қасқыр аяғын тіспен кесіп, ары қарай жолын жалғастыратындығы сөзімізге дәлел болса керек». Мұнда «тіспен кесіп» тіркесі дұрыс мағынасында «тістеп кесіп» шығар, әрі ақсақ қасқырдың «ары қарай жолын жалғастыратындығы» қисынсыз, оны қазақтың түсінікті сөзімен «қашып кететіндігі» десе ше? Келесі сөйлем: «Сондай-ақ, егер аңшылар қақпанға түскен қасқырды тез арада қолға түсірмесе, онда әлгі қасқырдың серіктестері оны жеп кетуі мүмкін». «Түс» деген түбірден жасалған етістіктер екі рет қайталанған, оның біреуі артық. Әрі өзі қақпанға түсіп жатқан қасқырды енді «қолға түсірмесе» деу мүлде күлкілі, дұрысы «соғып алмаса» болу керек. «Әлгі қасқырдың серіктестері» деген үш сөзді «серіктері» дей салу керек, өйткені «қасқыр» сөзі сөйлемде екі рет қайталанып тұр-ау. Ақырғы сөйлем: «Себебі, қасқырлар өзінің тобындағы ең әлсіз, ауру қасқырларды азық ретінде жеп қоятынын біреу білсе, біреу білмес. Тағы екі «қасқырдың» бірін қысқартып «ең әлсіз, ауруын» деп жөндеу керек.

Ал енді қақпанға түскен немесе ең әлсіз, ауру қасқырды серіктерінің бірінің жеп қоятыны таза өтірік, қисынсыз ақпарат. Атамыз қазақ «қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген. Ең болмаса осы мақалды ескерген аудармашы мұндай мәтінге жоламас еді. Ақпарат сайты оны жарияламас еді.

Қазақ тіліндегі сайттардағы аударма мақалаларда кездесетін осындай сауатсыздық пен жауапсыздық төбе шашыңызды тік тұрғызады. Әріп қатесі емес, ұғымдарды шатастыру, сөзді орнымен қолданбау көріністерінен аяқ алып жүре алмайсыз. Қысқасы, сауатты редактордың жоқтығынан кеткен олқылықтар. Енді баспасөз бетіне шыққан аударма мәтіннен үзінді:

«...Шән үйден бөлек, ауыл маңынан доңыз фермасын тұрғызып, бау-бақша отырғызбақшы болған. Ол осылайша жерлестерін жұмыспен қамтуды көздеген. Сараңдық танытпаған жағдайда, жергілікті тұрғындардың жылдық табысы 32 мың долларға дейін жетер еді.»

Дауласушы табыла жатар, бірақ бірінші сөйлемде «доңыз фермасы» емес, «шошқа фермасы» деп жазған жөн. Жеке жылқы – ат та, жеке шошқа – доңыз. «Ат фермасы» деген тіркес жоқ, «жылқы фермасы» дейміз ғой, бұл да сол сияқты.

Үшінші сөйлемде «сараңдық танытпаған жағдайда» деген мүлде орынсыз, дұрысы «ашкөздік танытпаған жағдайда». Тұрғындар сараңдық емес, ашкөздік танытып отыр.

Осы сөйлемде «жергілікті тұрғындардың жылдық табысы 32 мың долларға дейін жетер еді» деген тіркес те түсініксіз. Барлық тұрғындардың қосылған табысы ма, әрбірінің дербес табысы ма? Сол арасын анықтап жазған ләзім. Міне, үш сөйлемде бақандай үш кемшілік көзге ұрып тұр.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет-сериалдар. Кедір-бұдыр аударма керек пе?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Келесі аударма мақаладан мынадай үзінділер алдық:

«...Австралияда үлкен қолтырауын өзінің кішігірім тұқымдасын өлтіріп, оның құйрығын жеп қойған. Бұл көріністі 49 жастағы Билл Ян 16 жастағы ұлы Митчелмен Солтүстік аумақтағы Дарвин қаласына жақын орналасқан Дэйли өзенінде балық аулап жүрген кезде видеоға түсіріп алған. Онда бес метрлік тарғыл қолтырауын ұзындығы үш метр болатын австралияның тар көзді қолтырауының құйрығын жеп жатыр екен. Бес метрлік жорғалаушы олардың көзінше өзінен сәл кішірек қолдырауынды өлтіріп, оны екіге бөліп тастады. Ол алдымен тұқымдасының құйрығын, содан кейін қолын жей бастаған.»

Біріншіден: шағын мақалада бір құйрықты үш рет жегізген. Үшінші рет жегізгенде сайт қызметкерлерінің өздері де ұялған шығар «қолдырауын» деп бір әріпті қате жазыпты.

Екіншіден: қайта-қайта оларды «тұқымдас» деп жазады. Ортасындағы сөйлемде бірі тарғыл, бірі тар көзді қолтырауын деп анықтама беріпті. Сонда олар қалай тұқымдас болады?

Үшіншіден: «одан кейін қолын жей бастаған» дегеніне жол болсын? Тіпті, кейде екі аяқтап жүріп кететін аюдың өзін сипаттағанда қазекем «алдыңғы аяқтары» дейді. Өмірі жер бауырлап жорғалайтын қолтырауынның «қолы» деу – журналистиканың соры болу.

Төртіншіден: «Дарвин қаласына жақын орналасқан Дэйли өзенінде» деп жазу қате. Ұғым бойынша ешқашан Дэйли өзені Дарвин қаласына жақын орналаспайды, керісінше Дарвин қаласы Дэйли өзеніне жақын орналады. Су баяғыдан ағып жатыр, қала беріде салынған. Демек бұл тіркесті де редакциялау керек еді.

Енді бір басылымдағы сараптамадаға назар салайық:

«Осы екі партияның арасындағы ұзақ мерзімді саяси және қарулы қақтығыстан кейін билікке шона тайпасының өкілдерінен құрылған, Роберт Мугабе басқарған, қытайлықтарға арқа сүйеген, Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген ЗАНУ билікті басып алады.» Үзіндінің соңы.

Жай оқырман осы қалпында мүдірмей оқып кетері хақ. Ал, сіз – редакторсыз. «Екі шоқып, бір қарауға» тиіссіз. Иә, көзіңізге бірден түсті: бірінші «билікке» деген сөз артық. Өйткені сөйлемнің соңы «билікті басып алады» деп аяқталады. Егер бірінші «билікке» сөзі қалдырылса, онда екінші «билікті» сөзі сызылып, баяндауышы «басып алады» сөзінің орнына «келеді» деген сөз болуы керек. Сөйлемді екі нұсқада редакциялауға болады.

Бірінші нұсқада: «Осы екі партияның арасындағы ұзақ мерзімді саяси және қарулы қақтығыстан кейін шона тайпасының өкілдерінен құрылған, Роберт Мугабе басқарған, қытайлықтарға арқа сүйеген, Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген ЗАНУ билікті басып алады».

Екінші нұсқада: «Осы екі партияның арасындағы ұзақ мерзімді саяси және қарулы қақтығыстан кейін билікке шона тайпасының өкілдерінен құрылған, Роберт Мугабе басқарған, қытайлықтарға арқа сүйеген, Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген ЗАНУ келеді».

Біз үшін бірінші нұсқа тәуір. Себебі екінші нұсқада «билікке келеді» деген әрекеттің бір сөзі анда, бір сөзі мұнда қалады. Ал бірінші нұсқаны күшейту керек еді. Өйткені, бұл – шағын хабар емес, саяси шолу, талдамалы мақала. Біз «ұзақ мерзімді саяси және қарулы қақтығыстан кейін» деген тіркесті «ұзақ мерзімді саяси тартыстан және қарулы қақтығыстан кейін» деп жазар едік. Алдымен саяси тартысты, одан қарулы қақтығысты. Сонда санаға сіңімді болмақ.

Енді мына бір: «шона тайпасының өкілдерінен құрылған, Роберт Мугабе басқарған, қытайлықтарға арқа сүйеген, Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген» тіркесті де құлпыртқан, яғни редакциялаған жөн сияқты. Мұнда «құрылған» және «құрамыз» деп бір түбірден шыққан екі етістік тұр. Яғни, сөз қайталау аңғарылады. Одан қашу үшін бірінші «құрылған» сөзін «тұрған» деген дұрыс. Содан соң бажайлап қарасаңыздар мұнда «ған», «ген» жұрнақтары арқылы жазылған есімше көп: «құрылған», «басқарған», «сүйеген», «құрамыз деген». Тек бес тіркестің бірі ғана «жүріп» деген өткен шақтық көсемше етістік түрінде жазылған. Осыны жөндейік: «шона тайпасының өкілдерінен тұрып, Роберт Мугабе басқарған, қытайлықтарға арқа сүйегендіктен Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген» болып шықты. Тұтас тіркес шілдің қиындай әр жаққа шашырамай, екі нақты нәрсені аңғартты. Ішкі: «шона тайпасының өкілдерінен тұрып, Роберт Мугабе басқарған» және сыртқы: «қытайлықтарға арқа сүйегендіктен Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген».

Сонымен бұл сөйлемнің біз редакциялаған нұсқасы мынадай: «Осы екі партияның арасындағы ұзақ мерзімді саяси тартыстан және қарулы қақтығыстан кейін шона тайпасының өкілдерінен тұрып, Роберт Мугабе басқарған, қытайлықтарға арқа сүйегендіктен Маоның жолымен жүріп, қытайлық үлгідегі социализм құрамыз деген ЗАНУ билікті басып алады.» Ал, автордың нұсқасымен салыстырып көріңіздер.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет-сериалдар. Кедір-бұдыр аударма керек пе?
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Біз келтірген мысалдардың бәрі аудармаға өте абай болуы керектігін байқатады.

Жиырма үшінші сабақты пысықтау:

Аудармадағы сөйлемдер түпнұсқа емес, қазақ тілінің заңдылықтарымен жазылады
Қазақ салты мен санасына кері келетін дүниелерді аударғанша, ұлт класиктерінің еңбектерін
насихаттаған дұрыс

Аудармаларда да сөйлем бір бастауыш пен бір баяндауыштан тұрады, болмаса одан екі сөйлем жасау керек.